

84 (51 а 3)
б 44

Рәтбек САФИД-ҰАҢАС

СҮМБІЛЕ · СҮЛДУ ЖҰЛДЫЗЫМ

алматы

Рәтбек САҒИД-УАһАС

**СҮМБІЛЕ – СҰЛУ
ЖҰЛДЫЗЫМ**
/өлеңдер/

ББК 84 Қаз 7-5

P 26

**Жыр жинағы “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында
Алматы облысының әкімі Серік Әбікенұлы ҮМБЕТОВТІН
демеуішлігімен жарық көріп отыр.**

Рецензиялағандар: Тұманбай Молдағалиев, Болат Үсенбаев.

Рәтбек Сағид-Уахас

**P 26 Сүмбіле – сұлу жүлдізыым: Жыр жинағы - Алматы:
2007. 160 бет.**

ISBN 9965-21-491-3

Жыр алыбы Жамбыл жерінде туып-өсken талапты ақын Рәтбек Сағид-Уаһастың осы тұңғыш жыр жинағына әр кезде жазылған туындылары тоңтастырылды. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, поэзия кеңістігінен өз орнын іздеген онын қаламы әжептеуір төселген, айтар ойы айшықты, тілі жатық. Жыр сүйер оқырман жинакты жылы қабылдайды деп үміт артамыз.

**P 4702250202
00(05)-07**

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-21-491-3

© Р.Сағид-Уахас, 2007

АЛЛА АУЫЗҒА САЛҒАН СӨЗ

Ес білген ең алғашкы кездерден-ақ тақпақ айтқаным жадында. Сонда кәдімгідей мәнерлі шығатын болса керек, біздің Тасқұдықтағы жалғыз үйге бір соқпай өтпейтін Байболат, Нәсіпқұл сияқты шопырлар мәз болып, арқамнан қафатын. Бала емеспін бе, танауым деддиң, тағы айтатынмын.

Бір, екі, үш!

Жастар – алып күш.

Отан қорғау жолында,

Сен-де алға тұс! – деген, марш екпінімен жазылған әлгі тақпақ әлі есімде. Сөзіне қарап, сірә, езі ертеректе, соғыс жылдары шыққан-ау деп топшылаймын. Әдемі, әсерлі, жаттауға жеңіл, жас баланың санасынан өмір бойы өшпейтін осындан тақпақтар шығар, адамды қаршадайынан өлеңге жетелейтін.

Кейін қабілетімді жіті таныған, өзі талай жыл бастауыш мектепте мұғалім болған әкем менің қолыма көп ойланып жатпай-ақ, «Батырлар жырын» үстітты. Бұл кітап алғашкы үстаздарымның бірі болды. Тіпті, жан азығы деген үғымның бастауын ашқан да сол.

Осылайша өлең менің жан өзегіме жол салды. 1971 жылы мектептің алтыншы сыныбында жүргенде, бірге оқитын бір қызға арнап, үшінші тоқсанда алғашқы өлеңімді жазғаным есімде. Төрт шумақ, он бір буынды қара өлең болатын. Қалды бір жерде жоғалып. Алғашкы туындының қадірін аңдар кез бе, құнттамаппыз. Мүмкін, өлең дейтін өлең де емес шығар, бірақ тұнғыш баладай қадірлі болса керек еді. Амал қайсы, сақтай алмадык.

Бирте-бірте ептеп жаза бастадық. Әр нәрсеге деген көзқарас, балалық, жастық шақтағы албырт сезім өлеңдің әртүрлі кейпінде қағазға түсіп жатты. Эрине, көркемдігі, ширатылысы қазіргідей емес. Сонда да, «іштен шыққасын» ыстық. Біразын «Жауқазын сезім бүршігі» деген атпен осы тұнғыш кітабымызға кіргізуді жөн санадык.

Мен қазақ поэзиясына жастай қанығып өскендіктен, бозбала шағымызда Мұқағали мен Тұманбайдың, Төлеген Айбергенов пен Мұхтар Шахановтың өлеңдерін ерекше ұнатып, жаттағандықтан, Жұматай Жақыпбаевтың бекзат өлемін қасына ілесіп жүріп сезінгендіктен, Есенқұл Жақыпбеков пен Мейірхан Ақдеулетовтің, Әбубекір Қайранов пен Светкали Нұржановтың, Бауыржан Үсенов пен Гүлнәр Салықбаеваның, өзге де көптеген қазақ ақындарының жырларын түсініп, тұщынғандықтан, біразымен жақын араласқандықтан шығар, өлеңнен іргемнің ажыраған күндері болмапты.

Алайда, осынау саңлақ сөз зергерлері сияқты адамның жан дүниесін шымырлатар ширак жырлар жазу көпкө дейін ырқымызға көнбекенін және айту керек. Мүмкін, біздің талаптануымыз кем түсті ме, кейде өз ішімізде отырған қатал сынышыдан қатты сескендік пе, әйтеуір, көкөрім дүниелеріміз көкейімізден шықпады. Сөйтіп, біраз уақыт оздырдық.

Енді қарасақ, әжептеуір жаза алатын сияқтымыз. Шымшымдаш шығарған өлеңдеріміз тасада қала берсе, обалын арқалау да адамға ауыр көрінеді. Нартөуекел, Алла аузымызға салған сөзді сол табиғи қалпында, төрт бөлімге топтап, жылдар ретімен жіктең, жүртқа ұсынып көрейік деп шештік.

Және бір айта кетпегіміз, әр кезде, әртүрлі адамдармен дидарлас болдық, жан райымен жақын тартқан шақтарымызда жыр арнадық. Осы күні әркім-әркім арнау жыр – одаларының пәлендей абыройлы еместігін айтады. Көбісі конъюктурамен таразыланып жазылады деп жазғырады. Десе де, «әз сөзіміз – өзіміздікі». Сол кездегі сезімізді де, сөзімізді де замана райына қарай енді қайта түзете алмаймыз. Жинақтың тұтас бір бөліміне енгізілген арнау жырлар біздің өміріміздегі әр кезеңдің дерегі, өткен тарихымыз. Тарихты өзгерту адамның қолынан келмейді. Сондықтан, қалай болғанда да, уақыт өзгерді екен, саясат өзгерді екен, адам өзгерді екен деп, «өзіміз тапқан бала» – өлеңнен бас тартпаймыз.

Ендігі төрелігі өздеріңізде, қадірлі, оқырман.

ТУЫНДЫГЕР.

7. ЖАУҚАЗЫН СЕЗІМ БҮРШІЛЛ

Қызықтырған ата-анасын қигаш айтып сөздерін,
Киялдайтын ертегіні, дүниені өзге бір.
Қайран менің сол дәуірім –
Қайран менің балалық шак кездерім!

Алыстағы сағымдарға жетемін деп ойлаған,
Сол сағымнан шаршағанша айырмаған көздерін.
Болмашыға бұртия қап, болмашыны тойлаған,
Қайран менің балалық шак кездерім!

16 желтоқсан, 1973 жыл.

«Тұған жер, шіркін, қандай ыстық едің!»
Бұл сөзім сағынғанда айтқан менің.
Ойласам өткендерге көз жүгіртіп,
Үлестерің көп екен қосқан сенің.

Өзіңе, жырға ғашық бір балаңмын,
Шаттанып сен туралы жыр жазамын.
Тауларым, даламменен дидарласып,
Сылдырлап өзеніммен бірге ағамын.

Бірге ағамын, самал бол бірге есемін,
О, туған жер, өзінмен тілдесемін.
Махаббатым болмаса саған деген,
Айтшы, қалай онда мен күн кешемін?

Ыстық маған белдерім, асуладырим,
Сүйем шексіз барлығын, жасырмаймын.
Қабыл алғын туған жер, осы жырын,
Мәңгі ғашық өзіңе жас ұланнын.

қаңтар, 1974 жыл.

Д О С Ы М А
/Тілепбергенге/

Ойлаймын сені, есіме алам осы күн,
Сағынам сені, есіме түссе есімін.
Көңіл бөтен демегін досым ешқашан,
Хат жазбай жүрген досыңың.

Ойлаймын сені,
Есіме түссе өмірдің өткен бір күні,
Сағынам сені,
Елесі қалған өткізген күндер күлкілі.
Сонда бір өзім масайрап досым қаламын,
Көдімгі соғып алғандай қызыл тұлқіні.

Балалық шақты ойыммен бір сәт кеземін,
Сол кезде сені сағынғанымды сеземін.
Ұмытты деп ойлама досым, өмірдің
Екеуміз бірге өткізген сол бір кезеңін.

ақпан, 1974 жыл

* * *

Ренжіп сонда, қапа бол маған со күнде,
«Осындай өртке жүрегің жансын» дедің бе?
«Басымнан өткен осы бір жағдай сенің де
Басыңа келсін!» дедің бе?..

17 мамыр, 1974 жыл

* * *

Қайда кеткен сағымдар секіретін белестен,
Кеше ғана көктем келіп,
Жаз шыққаны кеше ғана емес пе ед?
Бүгін міне, күз келіпті, ертең қыс та кеш емес,
Жапалақтап қар боратып, боран соғып, жел ескен.

26 тамыз, 1974 жыл

БАЛАЛЫҚ ӨМІР ОРАЛМАС

/ Әбілгазыға /

Гүлдер де курап, шөптер де бір кез солады,
Ақ нөсер жауып, сарқырап арна толады.
Жапырақ түсіп, сыйдиып қалар ағаштар,
Суық жел соғып, нағыз күз сонда болады.

Ақша қар борап, ызырық боран соғады,
Ашуашаң аяз бетінен қайтқан жоқ әлі.
Шыныменен-ақ қытымыр қыс та кепті деп,
Таңданып талай каарсың әлі жоғары.

Қар суы симай, сарқырап ағар салаға,
Қызыққа батар кәрі де, жас та, бала да.
Көптен күткениң – көктем де келер сол кезде,
Шөптер де көктеп, бәйшешек гүлдер далада.

Күлкіге кенел, көтергін сонда еңсөні,
Айтарсың өзің : – «Көнілімді көктем тенседі».
Даланың гүлі – алқызыл қызғалдақтармен
Сыйлармын сонда мен сені.

Масайрап жаз кеп, масайрап өтіп кетеді,
Кідірмес уақытың, оған да көзің жетеді.
Ұқсамас мұлдем болашақ жаз бер еткенге,
Қызыққа толы тағы бір жазың өтеді.

Тағы бір қадам жасайсың өмір жолында,
Артында қалар тағы да биік бір асу.
Шығарып салып қызықты жазды тағы да,
Күлімдеп қарап тұрасын.

Куанып қатты, шаттыққа батқан кездерің,
Аз болмақ емес, айтқаным менің – сезгенім.
Күә да болар әлі де талай қызыққа
От шашып тұрган көздерің.

Бәрі де бәрі, бәрі де қайта болады,
Акша қар борап, ызғырық боран соғады.
Әлі де талай бақытты күндер кез келіп,
Жүйткіген көңлің толады.

Бәрі де болар, сенемін,
Сондықтан саған айта алам,
Кезің де болар түнілген, яки, тайсаған.
Болғанмен бәрі,
Болмайды-ау, енді ешқашан,
Балалық өмір қайтадан!

қарааша, 1974 жыл

СУЫҚТӨБЕ – АСҚАР БИЛГІМ

Алыстан көрсем мұнартып түрган кезінді,
Қызығуменен айыра алман көзімді.
Өзге таулардан биқтеп бара жатқандай
Сезінем кейде өзінді.

Тұлғана сенің қызығуменен қараймын,
Шыңынды сенің өмірде биік санаймын.
Тілдеспегелі өзіңмен асқақ Суықтөбем,
Өтті ғой міне, талай күн.

Баарымын бір күн сағынышымды арқалап,
Білемін оны, ұмытам бәрін барсам-ақ.
Кеудемде менің шекімдей кіrbің болса егер,
Өзінді көрсем тарқамақ.

желтоқсан, 1974 жыл

* * *

Жүрегің жырға, көңлің нұрға толсын, – деп,
Жаңа Жылың жақсылық жылы болсын! + деп,
Бақ тілеймін, Әбекем, саған әрдайым,
Куанышың болсын көп!

31 желтоқсан, 1974 жыл.

Он жыл бойы оқушылық өмірмен,
Артта қалды балғын дәуір – балалық.
Кеше ғана ұзак болып көрінген,
Қалды жылдар артымызды саналып.

Алдымызда талай қын сынақтар,
Талай қын күтуде өмір өткелі.
Сондыктан да ел сенімін біз ақтап,
Самғамақпаз қыран болып көктегі.

Аккудай боп айдын көлде қалықтап,
Дос құшақты ешуақытта жазбауды,
Биік ұшып көк аспанда шарықтап,
Қалаймыз біз қыран болып самғауды.

Дос-жаранға мейірімді жанымыз,
Ойламаймыз ешуақытта жамандық.
Әрқашан да мөлдір таза арымыз,
Мақсатымыз – әрқашан да адалдық.

Тұған елдің тапсырмасын жүктеген,
Орындаудан ешуақытта талмаймыз.
Ұлынан ол биіктікті күтсе егер,
Көк аспанда қыран болып самғаймыз.

қаңтар, 1975 жыл

АНАМ ШӘМШИЯБАНУҒА

Рәтбегім, күнім деуші ең, Күн деуші ең,
Жаман болма, тура жолмен жүр деуші ең.
Өзің барда, асыл сезің бар кезде,
Омірдің көп сырларын мен білмеуші ем.

Жоқсың енді, оралмайсын қайтадан,
Сағынғанда анашым деп айтам ән.
Өзің едің маған өмір берген де,
Өзің едің талабымды байқаған.

Жоқсың енді, енді ешқашан келмейсің,
Енді мені естімейсің, көрмейсің.
Бірақ, маған сен мәнгілік тірісің,
Сен ешқашан өлмейсің,
Өз үнімен сезімімді тербейсің!

қараша, 1975 жыл

Сағындым туған жерімді,
Сағындым Қарғалымды мен.
Екі жыл ұзақ көрінді,
Өтеді қашан кім білер ?

Өзіңден келмей хат-хабар,
Орнықпай көңіл жүр досым.
Бұл жерде дос та, жат та бар,
Казарма мекен бізге осы.

Күндер де жатыр бір өнбей,
Елді де әбден сағындым.
Күдерді менен үзердей,
Әбекем, сонша не қылдым?!

Сағындым сенің бейненді,
Күлкінді сенің сағындым.
Өртейді оты кеудемді,
Сағыныш деген жалынның.

тамыз, 1977 жыл

Жетпеді саған дауысым менін,
Сезбедің бәлкім, мұнымды.
Төзімді сарқып тауысып едім,
Жалыққам санап күнімді.

Келмеді сенің хаттарың маған,
Ойламан кінө артуды.
Жадымда мәңгі жатталып қалған,
Сағындым бейнен, дауысынды ...

1978 жыл

ОТҚА ТҮСКЕН ХАТ

Мен сені аңсайтынмын.
Мұн құшағында оңаша қалған сәттерде,
Ымырт үйіріліп, жабылған кезде ак перде,
Аңсайтынмын да, жыр жазатынмын құлшынып,
Сыр жазатынмын, ашылған аппақ дәптерге ...

Мен жыр жаздым өрдайым өзіне арнап,
Жүргегіме бір гажап сезім орнап.
Сені ойласам кеудеме мұн конактаң,
Шықтым талай тұндерден көз іле алмай.

Ешбір әуен жететін емес бүгін,
Құлак түрсем тек қана сені естідім.
Сенен алыс кеткесін шығар, бәлкім,
Менің бүгін көңілді еместігім.

Сонау шағым есімде, сені аңсадым,
Көз алдымда бұлдырап нелер сағым.
Қайта оралды алыстан үміт жағып,
Ұмыт болған көктемгі балауса күн.

Бар сырымды тізбектеп ақ қағазға,
Актарыла өзіне хат та жазғам.
Бірақ, соны амал не, жолдай алмай,
Салып журдім үнемі отқа маздақ.

Жалған! – дедім, барлығы бекер дедім,
Мені ешқашан түсінбей өтер, – дедім.
Егер сонда бел бусам тәуекелге,
Құлагыңа дауысым жетер ме еді?

Сөздеріме ендігі сенбес дедім,
Бір тоңған гүл – махаббат өнбес дедім.
Мениң тұнжыр түрімнен секем алып,
Серіктесіп арманға ермес дедім.

Білмеппін мен сол кезде ақ тақымды,
Жүргімді отқа сап жатқанымды.
Саған деген ең іңкөр сезімдерді
Сурып ап кеудемнен жаққанымды.

қазан, 1979 жыл

Сенсіз өткен күндерімді
Күнгірт тұман тұмшалады.
Не істерімді білмедім де,
Жұттым үнсіз мұн шарбын.

Кешеуілдеп арай тақым,
Атып жатты көнілсіздеу.
Көкжиекті орай сағым,
Алға тартты өмір – сүрлеу.

Бүгін міне, кеудемдегі от
Жана-жана басылды.
Шаттық гүлім бөлмемде жок,
Айтшы, оны кім жасырды?!

* * *

Көктем келді.
 Енді бәрі жақында жайқалады.
 Сылдырлаған бұлақтар сай табады.
 Сыбдыр қағып құрақтар айттар әнін.
 Мұз құрсаудан құтқарып сай-саланы,
 Сыршыл өзен сылқылдан қайта ағады.
 Ұлы үйленіп, той жасап, бір жасарып,
 Аналардың көнілі жай табады.
 Көктем келді.
 Кешікпей көп қуаныш
 Келетіні қазірден байқалады.

наурыз, 1981 жыл

СЕЗІМ ТАМШЫЛАРЫ

Сен менен алыстасын, күнім!
 Тағы да сені сағындым.
 Жалғыз қалғанда сыйынар пірім,
 Тағы да саған табындым.
 Шертесің барлық сезімнің қылын,
 Сырлы өуен төккен жанымның,
 Тек сені ғана аңсайды жырым,
 Ырқына көнбей сабырдың.

маусым, 1980 жыл

* * *

Жоқ аруды аңсатып қазақтағы,
 Көктем өтті, басымнан жаз аттады.
 Мен жазбаган жырларды соған арнап,
 Бәлкім, біреу бір кезде жазад тағы.
 Мандымаған сезімнің мазақ таңы,
 Азаптады жанымды, азаптады...

* * *

Деп ойлап өзгерермін,
Өзгеге кез келермін.
Өткізіп алышын-ау, бар уакытымды.
Тек сенен басқа қонбасын өзге өлеңнің,
Өзінді соншалық сағынатынымды,
Алдыңа келіп бәрібір табынатынымды,
Қалайша сезбегенмін!..

желтоқсан, 1980 жыл

77. ЖАНЫМНЫҢ ІҢКӘР ШЫН СЫРЫ

АЙТА АЛМАҒАН СӨЗІМ

Бір аңы мүн алды ғой қоршап тағы,
Құрбым, сенің кейпің-ай, сол шақтағы.
Кірпігінен үзіліп түсті неге,
Жасырынған сезімнің моншактары.

Сезгенменен жаныңың күйелісін,
Жұбата алмай, қайтейін, күйген ішім.
Кеудендегі бұлқынған ғазиз жүрек,
Кінәлі емес, әрине, сүйгені үшін.

Теренінен көзіңдің сыр ұққанмын,
Мен ғой бүгін бейне бір сұытқан күн.
Жауар бұлттай тұнеріп тұрган мына,
Тұнжыраған түрімді ұмыт мәңгі.

Түсінгенмен жаныңың нәзік сырын,
Келе алмаймын қасына, жазықтымын.
Айта алмаған сөзімді қалам алыш,
Отырғаным дәптерге жазып бүгін.

4.08.1981 жыл

КЕЗДЕЙСОҚ КЕЗДЕСҮ

Бір бөліскен тылсымның тұнгі сырын,
Бірге кешкен жусанның күзгі шығын,
Фашық болған ұян қызы барады әне,
Құшағына құндақтап тұнғыш ұлын.

Кетті әнеки, қарамай, елемей-ак,
Өзін аяп барады-ау, не мені аяп.
Мен де өкіндім, біздерді өткен күннің,
Кеткенине шаттыққа бөлемей-ак.

Барады өтіп,
Жұзінде торығу бар.
Әттең, маған кеш енді соны ұғуға.
Мүмкін оны қинаған шығар бүгін,
Тар көшеде кездейсоқ жолығу да.

Мені мүмкін көрсे де байқамады.
Керегі не сезімін шайқағаным.
Асыл құрбым, гүлі едің жасыл қырдың,
Жасын жырмен мен бәрін айтам әлі ...

20.10. 1981 жыл

Көгімде қалған шынарым,
Өзіңсіз жалғызысырадым.
Откенге мойын бүргізбай,
Әкетті дүлей мына күн...
Кеудемде қалды із қаңдай?

Сиреді сенім артар жан,
Жанымда қазір жалқы арман.
Теренге қымтап сезімді,
Сезімді толық айта алман.
Әртепін іштей өкініп,
Ләzzат іздел «сайтаннан» –
Бетінен сүйдім ызғардай.

Осындағы бүгін хал біздін,
Өзіңсіз мәңгі жалғызыбын.
Сағыныш болып санамда
Сағымы қалды сан қызың ...

... Түсіме кіріп тұнде сен –
Есімнен тағы танғызың ...
Қайтейін енді жыр жазбай?...

Енді бізді алдан күтер қандай бақ?
Қартаярмыз, өкінішпен қайғы ойлап.
Бөлек тағдыр бұйыргасын бөтен бол,
Бирте-бірте сезім – кеме қайраңдап,

Қалатынын, мойындау да бір азап.
Мәңгі жасыл бола алмайды мына бақ.
Осы жолдар, жаным, сенің кіршікісіз
Көңіліңе бір елеусіз мұрағат.

Деп үққайсың, елжірей бір еске алып.
Өткен күнді барлығынан кеш қалып.
Бірақ та біз екеумізді ешқашан
Бақытсыздар санатына қоспалық.

«Бақыттымыз!» демесіміз және аян,
Баянсыз бол шықты күндер баябан.
Бүтін деп те айта алмаймын өмірді,
Куанышын екеумізден аяган ...

1992 жыл

Кездесіп саған соңында өткен ғасырдың,
Күл бола жаздал, бұл бола жаздал басылдым.
Сырымды жұрттан келсе де қанша жасырғым,
Өсекші – өлеңге жем болып міне, шашылдым.

Өзің деп сеніп, үлбірек нәзік үр қызы,
Тартты да тұрды тәлекек қып тағдыр жұлдызы.
Шын асыл сезім нұр қүйді жарық қеудеме,
Қалдырған ұмыт көгілдір көктем қырмызы.

Қоғамның барлық кеселі және шешегі –
Осылар! – деді, біз жайлы ауыл өсегі.

Көз салсақ сонда таразы басы тен екен,
Бағымыз дағы, сорымыз дағы – бес елі!

Суыртақ тартып сұраған сөтте, мен егер:
«Жаза басыптын, жаңылдым» десем, сене ме ел?!
– Жаныма менің кеңдігін сыйла жаһаның,
Гүліме менің жазира ғұмыр бере гөр! –

деген тілегім Тәңірге жетсін ынтығым,
Мезгілсіз жанып, жылт етіп сөнген шырпымын.
Сен маған мәңгі сағыныш болып қаласын,
Ұмытам десем, ұмыта алмайтын тылсымым.

Кеудемді тербел сыйлаған өзің тәтті мұн,
Басымнан кейде баянсыз өтіп жатты күн.
Өмірде дәйім жанынан табыл жақсының,
Шуактай жарық жаныма жақын шаттығым!

Жалыны шарпып жарқ ете түскен жасынның,
Жаным-ау, канша түндерде үйкі кашырдым.
Қымтап-ақ едім, жыр – парақ болып ашылдым,
Кездесіп саған соңында өткен ғасырдың...

27.12. 2001 жыл

Балапандай бал қылықтым,
Шамын жағып мәңгі үміттің,
Нәзік сезім, наз күлкіңмен
Жан жүректе жаңғырықтың.

Армандарым, жанған бағым,
Сағынышым – сарғалдағым,
Алаулайды, тербеледі,
Сандуғашың салғанда әнін.

Нұрға бөлеп, сырға бөлеп,
Тұрған ерек, тұлған ерек.
Шынар – шыным,
Шын аршыным,
Жыр аршыдым, бір көре кет!
Пәруана боп іздеген ек,
Отқа түстік біз көбелек!

... FA

Көзім тоймай көркіңе мен,
Нұр сезімге елтіген ем.
Таудан соққан самалдай боп,
Жанымды, рас, желпігенд ең.

Пәк деп ойлап, ак деп ойлап,
Желден өзге жоқ деп ойлап,
Отпен ойнап, қиял кешкем,
Қателескем, бақ деп ойлап ...

Әркім көріп қызықтایтын,
Ырыстайсың жұғыспайтын.
Жалтырап-ак тұрсаң дағы,
Ит жалаған ыдыстайсың.
Қап!..

ТЫРС ЕТПЕЙ ҚАЛДЫ

Ай дидарлы ару аңсарым еді,
Таңсәрім еді арайлы.
Жаным да жасыл талща гүлдеді,
Жұпары ашып сарайды.

Аңсарым жайнап қарсы алғып еді,
Тамсанып еді көрген ел.
Сол бір бағымды қанша қундеді,
Айналамдағы пенделер.

Еркіндеу ерке жігіт-желендей,
Елтіген жастық отынан.
Есіктен өзі кіріп келердей,
Елендеп әр сәт отырам.

Жалғыздық ылғи жанымды қажап,
Жабықтым.
Азық – шекер мүң.
Сағынған оны шағым да ғажап,
Сағымға балап өтермін.

Өмірде мәңгі кім қалар дейсін,
Бақидан ақыр шам жағар.
Тілегім қайбір тыңдалар дейсін,
Әйтсе де, естір Алла бар –

деген үмітпен жылжиды күндер.
Сыргиды көзден тамшы жас ...
Үрейдің отын үнгиді бір жел.
Көн мейлі, көнбе, қарсылас.

Бәрі де кетті,
Баянсыз екен ...
Қасымда жалғыз қалды өлең.
Арбасын арман қалай сүйретем,
Дел-сал ғой мына бар денем?

Кетерем қайтіп бұл қайғы жүгін,
Болмады неге жол ортақ ?
Жүрекпен бірге сыздайды бүгін,
Саз кешкен кеше толарсақ.

Тырс етпей қалды,
Сыр төкпей қалды,
Үркектеп көңіл кияли.
Осындаі кезде бір шертпей ме әлгі –
Сүгірдің күйін Үәли ...

Сезім өлді.
Сезім де енді керексіз.
Себепсізден себепсіз-ақ торығам.
Өзім іңкөр адам көптен дерексіз,
Дерек те енді керексіз-ау, соны ұғам.

Іздесем бе, жиып қойып ұятты,
Осы ойменен арпалыстым мен неше.
Бірақ, мени ұмытқаны сиякты,
Оны мен де ұмытайын ендеши,

деп көріп ем, келмеді ғой түк әлім.
Тағы соны сағынумен батты күн.
Сол ғана екен сөүле шашқан шырағым,
Сол ғана екен шүғылалы шаттығым.

— Сіз жеңдіңіз!
Шамам бітті ақырғы ...
/ Күбірлеймін дәл осылай деп іштен./
Мына біздей шарасыз бір пакырды
Аясанызың қайтер еді, ПЕРИШТЕМ?!

Сен туралы ойлай-ойлай жалықтым,
Ойламай да тұра алман.
Кезектескен тұнжыр тұн мен жарық күн,
Тек өзінді сағынудан құралған.

Сонша жылдам ете шықты гүл көктем,
Бозторғайым шырылдан.
Әрең алып қалдым сонау дүрмектен
Жүргегімді жыртыстайын жырымдан.

Тікен де емен, гүл де емеспін іңкөрім,
Сезер оны түйсігін.
Анқылы бар менде байтақ қырқаның
Кермек дәмді жұпар жусан иісінің.

КЕШ!.. ҚОШ!..

Еске алсаң жаңың жылынар,
Өтті ғой талай серілік.
Кім кешер,
Және кім үфар,
Кім жоқтар мені егіліп?!

Ұшырған құсым түспеді,
Ұсынған қолым жетпеді.
Үзіліп кетті іштегі
Сезімнің нәзік шектері.

Көгілдір көктем «Қош!» деді,
Барады жазым қол бұлғап.
Кешіре алсан,
Кеш мені,
Аңсарым едің ең қымбат!..

Жастық-ай, жастық,
Қош енді –
Жақсы да, жаман өтті күн.
Шандатар сенің көшенді,
Шарасыз ғашық жоқ бүгін.

Өзің деп тулап журегім,
Көнілден бейнен өшпеген.
Ақырғы құмбыл тілегім –
«Кеш!» деген және «Қош!» деген.

Жалғаннан жайдай өте алам –
Сонғы рет көктен Күн күлсе ...
Дәл осы сөзді екі адам,
Бір-біріне айтып үлгірсе ...

Білем, білем, күтіп жұрсің менен жыр,
 Сенің көркің елжіреген өлең-дүр.
 Көзіме оттай басылып ең көргенде,
 Өмір бойы гүл сезімге бөленигір!

Жаратылған Күншығыстық үлгімен,
 Сырдескілі, сүрме қасты сүмбілем.
 Мен де сол бір Саят-Нова тәрізді,
 Бір жымыған райында ділгір ем.

Бұл өлеңнен биік сенің өз баған,
 Сен ғазалсың ешбір ақын жазбаған.
 Көзіндегі тұңғықтай тереңсің,
 «Мың бір тұннен» шыға келген Шаһ-задам!

Зада сынды заты текті дара қыз,
 Жақындасадақ, аластайды арамыз.
 Сен екеуміз жасыл баққа қарайладап,
 Қимай-қимай қол бұлғаумен барамыз.

Кектем ғажап, нетен ғажап нұрлы шак,
 Гүл сыйласам жарасар ед бір құшак.
 Бірақ, саған Ұзынағашты қидым мен,
 Кешегі өткен Қожа Хафіз дүр құсан.

Тұр, сымбаты тотыдайын гөзәлім,
 Біздің жаққа түссін жі назарың.
 Өзің жайлы шын толғанып, шымырлап
 Жыр арнадым, келгенінше өз өлім ...